

АЗАТШЫЛ РУХТЫ ОЯТҚАН АҚЫН

Қазақ тарихында аумалы-төкпелі заман көп болғаны белгілі. Соның ел басына ауыр салмақ артқан тұсы Ресейге өз еркімен қосылды деп жүрген бодандық ноктасын мойынға еріксіз салған тұс. Осы бір кезеңдегі отаршылдық қармағына ілінген елдің халін алғаш аңғарып, жұртына ой салмақ ниетте өлеңіне ел өксігін жүк еткен, Мұхтар Әуезовтің дуалы аузымен «зар заман» ақындары аталып кеткен Дулат, Шортанбай, Мұрат сынды қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары еді. «Зар заман деген – XIX ғ. өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұстас-тыр-ғандай жиынды өлең болғандықтан бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деген ат қойдық. Бұл ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді тұғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады» [1, 194], – деп бастайды өзінің 1927 жылы шыққан атақты «Әдебиет тарихы» кітабының «Зар заман ақындары» бөлімін М. Әуезов. Мұнда ғұлама ғалым тұстас дәуірлер әдебиетін тұстас бірліктей алып қарастырып, олардың ара-жігін ашпай, Абайға дейінгі

әдебиетті бір жүйеге біріктіреді. Мұның өзіндік себептері де жоқ емес. М. Әуезов «жүз жылдығы» бұл отаршылдықтың қыспағына түскен жүз жылдық еді. Ал, бұл кезеңді бүтін күйде бөліп-жармай алудың сол уақыттағы халық қасіретін, оның басына түскен ұлы кесепаттың бар болмысын айқындауға мүмкіндік тудырары, түгел сипатын бүтін күйінде бағамдауға қол жеткізетіндігі сөзсіз.

Зар заман ағымын жаңа сипатта зерттеп, оның әдебиетіміздегі өзінше құбылыс екендігіне терең зерттеулер арқылы қол жеткізген ғалым Б. Омарұлы бұл ағымның өзіндік ерекшелігін былайша айқындайды: «Зар заман жырлары – отаршылдықтың талауына түскен ұлт тағдырының тығырыққа тірелгендігінің белгісі» [2, 8]. Яғни М. Әуезовше айтқанда: «... орысқа бағынып, ноктаға бас иіп, асудың жуасып, алыптың басылған уақыты...» [1, 142] келіп, ертеңгі күнге деген үміт отының сөне бастаған тұсы. Зар заман ақындарының ащы зарының мәні осында. Отар елдің зар мен мұнын жырлап, кешегі еркін күндердің елесін ансап, болашаққа күмәнмен қараған ақындар сөнуге айналған ел рухының шоғын өткен күндердегі ерліктің өнегесімен үрлеуге ниет етті. Мына тіршіліктің ел болам дейтін жұрттың жолы еместігін, ел алдында таңдау тұрғандығын, екі айрықтың таңдауы ұлттың өз қолында екендігін

түсіндірме сөздікті пайдалану керек. Сол себепті, мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілін өз бетінше үйренгісі келген республика тұрғындары мен шетелдік азаматтарға бірдей жарамды осындай кешенді тілүйренім сөздігін жасау ісі – қазіргі Қазақстан жағдайында өзекті мәселе болып отыр. Мұндай құрал тілді аз уақыт ішінде актив түрде меңгеруге жағдай жасайды. Ең бастысы – бір мезгілде әрі оқулық, әрі сөздік болып табылатын оқу құралының тілүйренім лексикографиясының теориялық, практикалық және әдістемелік талаптарына сай, қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдайдың ерекшеліктерінің ескеріле отырып жасалуын қамтамасыз ететін ғылыми материалдар негізінде даярлануы қажет.

Тілүйренім лексикографиясының жеке ғылым саласы ретінде бөлектенуіне негіз болған еңбектер ағылшын тілді ортада дүниеге келді. Ағылшын тілін насихаттау, оны өзге халықтардың өкілдеріне үйрету ісі сонау XVI–XVII ғасырлардың өзінде ерекше қарқын алған болатын. Ағылшын тілінің әлемдік тіл болып қалыптасуында, сондай-ақ, ағылшын үстемдігін мойындаған отар елдерде мемлекеттік тіл ретінде оқытылуында сөздіктердің, әсіресе тілүйренім сөздіктерінің атқарған рөлінің зор болғандығы анық. Ағылшын лексикографиясындағы алғашқы сөздіктер – тілді өзбетінше үйренуге арналған сөздіктер болды. Жаңа дәуірде М.Уэст, Е.Л.-Торндайк, В.Уэбстер, А.С.Хорнби, т.б. авторлар тарапынан жасалған тілүйренім сөздіктері ағылшын тілін әлемге таратудың сенімді құралына айналды. Қазіргі кезде халықаралық қатынас тілі болып отырған ағылшын тілін үйретуде осы тілүйренім сөздіктері аса маңызды рөл атқарған болатын.

Тілүйренім жұмысына Ресейде де мемлекеттік маңызды іс ретінде қараушылық болды. XVIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап орыс тілін өзге халық өкілдеріне үйрету, осы мақсатта сөздіктерді пайдалану ісі ұдайы жүргізіліп келді. Кеңес Одағындағы республикаларда орыс тілін үйретуде тілүйренім сөздіктерінің қызметі зор болды.

Қазақстанның егемен ел, тәуелсіз мемлекет болғанына көп жыл болды. Осы кезеңде еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуы жаңа белестерге жетті. Алайда қазіргі кезге дейін өз шешімін таппаған күрделі мәселелер де жоқ емес. Мәселен, қазақ ұлты Қазақстан халқын ұйыстырушы негіз болып отырғандықтан, қазақ тілінің елдегі өзге тілді ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынас жасайтын тіліне айналуы заңды құбылыс болатын. Алайда осы кезге дейін мұндай жағдайдың қалыптаспай отырғандығы белгілі. Осы мақсатқа жету жолында жүзеге

асырылатын іс-шаралардың бірі – өзге тілді азаматтарға қазақ тілін үйрету. Бұл істе қолданылатын оқулықтар мен оқу құралдарының, сөздіктердің сапалы болуы, ғылыми тұрғыдан негізделіп жасалуы керек. Оқулықтардың дидактикалық талаптарға, сөздіктердің лексикография теориясының талаптарына сай болуы қажет. Осы тұрғыдан ғылымның аталған екі саласының да жетістіктерін пайдалану жолымен жасалатын ерекше туынды – *тілүйренім сөздігінің* орны бөлек. *Қазіргі кезеңде мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілін үйрету ісінде оқулық пен сөздіктің міндетін бірегей түрде атқара алатын, ғылыми негізде жасалған осындай тілүйренім сөздігін жасаудың қажеттілігі айқындалып отыр.* Мұндай сөздікті жасау үшін және оның сапалы болып шығуы үшін сөздіктің құрамы мен құрылымдық ерекшеліктерін ашатын, негіздейтін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Ол үшін мынадай *міндеттерді* шешуге тура келеді:

- тілүйренім лексикографиясының жалпы теориялық негіздерін анықтау;
- тілүйренімдік түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздерін айқындау;
- тілүйренімдік түсіндірме сөздіктің құрылымына қатысты ғылыми ұстанымдарды белгілеу;
- қазақ тіліндегі базалық лексиканың құрамын зерттеудің ғылыми негіздерін айқындау;
- базалық лексикаға негізделген тілүйренімдік түсіндірме сөздікке алынатын лексикалық бірліктердің семантикалық және құрылымдық ерекшеліктерін саралау;
- шағын тілүйренім сөздігінің типологиялық, жанрлық және құрылымдық ерекшеліктерін айқындау;
- шағын тілүйренім сөздігі құрылымына қатысты лексикографиялық құрастырманың ерекшеліктерін анықтау;
- шағын тілүйренім сөздігі құрылымына қатысты градуалдылық ұстанымының қолданым ерекшеліктерін ашу;
- шағын тілүйренім сөздігі мен лексикалық минимум сөздігі құрылымындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау;
- тілүйренімдік шағын түсіндірме сөздіктің сөзтізбе құрамын анықтау;
- тілүйренімдік шағын түсіндірме сөздіктің мақала құрылымын ашу;
- тілүйренімдік шағын түсіндірме сөздіктегі анықтама құрылымын айқындау.

Аталған бағыттар бойынша жүргізілетін зерттеу нәтижесінде тілүйренім сөздігінің ғылыми-теориялық және құрылымдық негіздері анықталып, ең жиі

қолданылатын және тілүйренім үшін ең маңызды бірліктерді қамтитын шағын түсіндірмелі сөздік жасауға мүмкіндік тудыратын ғылыми еңбек даярлауға болады.

Мемлекеттік тілдің әлеуетін республиканың жан-жақты өркендеуіне толықтай пайдалану қажет. Соңғы жылдары мемлекеттік тілді үйрету мәселесіне қатысты оқу құралдары мен сөздіктер көптеп жариялануда. Алайда олардың басым көпшілігі ұстаздар мен сөздікшілердің субъективті шешімдері негізінде жасалуда. Тілді үйретуге арналатын құралдың сапалы болуы үшін оның ғылыми негізде, кешенді тұрғыдан жасалуы қажет.

Қазақ тілін үйрету мақсатына қызмет жасайтын, «лексиканың ерекше оқулығы» болып табылатын тілүйренім сөздігінің орны мен рөлінің анықталуы, оны түзудің басты ұстанымдары мен ғылыми-әдістемелік негіздерінің айқындалуы, осындай сөздік типінің бірі болып табылатын шағын тілүйренім сөздігінің құрылымдық негіздерін жасаудың теориялық және практикалық міндеттерін шешудің қажеттілігі белгілі болып отыр.

Өз бетінше үйренуге арналған тілүйренім сөздігін жасаудың ғылыми негіздері кешенді түрде зерттелуі керек. Осы зерттеменің нәтижесінде қазақ тілінде тілүйренім сөздіктерін түзудің теориялық негіздемесі жасалады. Тілүйренім сөздігінің құрылымы қазақ тіл біліміндегі тілүйренім лексикографиясының теориялық негіздеріне сәйкес қарастырылады. Қазақ лексикографиясының тілүйренімдік саласы жаңа теориялық еңбекпен қамтамасыз етіледі. Бұл жұмыс осы салада болашақта жүргізілетін лексикографиялық зерттеулерге негіз болады. Зерттеу жұмысының нәтижелері осы кезге дейін практикалық деңгейде сөз болып келген тілүйренім сөздігінің құрылымы туралы іргелі ғылыми пайымдаулардың дамуына жол ашады.

Аталмыш сөздік құрылымын зерттеудің нәтижелерін қазақ тілін республика тұрғындарына, шетелдіктерге аз уақытта үйретуге арналатын әмбебап оқу құралдарын жасау ісінде, лексикалық минимум сөздіктерін құрастыруда, базалық лексиканың құрамы мен құрылымын зерттеуде де, мемлекеттік тілді өзге тілді азаматтарға, шетелдіктерге үйретуде, жалпытілдік және салалық лексикалық минимум сөздіктерін құрастыруда, шағын аударма сөздіктердің сөзтізбелерін түзуде қолдануға болады. Ең бастысы, осы зерттеудің нәтижесінде қазақ тілін аз уақыт ішінде жақсы меңгеруге жағдай жасайтын жаңа оқу құралының теориялық, практикалық негіздері жасалады. Бұл мемлекеттік тілді үйрету мәселесін принципті тұрғыдан жаңаша жолға қоюға жағдай туғызады. Зерттеу жұмысының

нәтижелерінің болашағы зор. Бұл зерттеу қазақ лексикографиясының тіл үйретімдік саласында болашақта жасалатын ғылыми зерттемелер мен сөздіктерге негіз болып қаланады.

Осындай зерттеме жүргізу жолымен тілүйренім сөздіктерінің жіктемесі жасалып, оның түрлерінің типологиялық, жанрлық ерекшеліктері анықталады. Әлемдік лексикографиядағы тілүйренімдік сөздіктер түзу тәжірибесі сараланып, жалпықұрылымдық талаптар мен ұлттық ерекшеліктерді ескеруден туындайтын талаптар құрамы белгіленеді. Тілүйренім лексикографиясының антропоэлекті бағдарына байланысты қамтылуға тиісті актив лексиканың құрамы белгіленеді. Тілүйренім сөздігінің түзілу ұстанымдары айқындалады.

Тілүйренімдік түсіндірме сөздікті түзуде ескерілетін барлық құрылымдық элементтердің құрамы мен оларды сөздікте лексикографиялаудың өзіндік ерекшеліктері анықталады. Жасалатын сөздіктің жан-жақты (типологиялық, жанрлық, құрылымдық) сипаттамасы жасалып, лексико-графиялық жіктемедегі орны нақтыланады. Тілдегі базалық лексиканың құрамы зерттеліп, олардың ішінен сөздікке алынатын бірліктер құрамы белгіленеді. Сөздікке алынатын бірліктерді олардың ерекшеліктерін ескере отырып сұрыптауда басшылыққа алынатын нақты ұстанымдар белгіленеді. Сөздікті құрастырудың заңдылықтары айқындалады. Сөздікке алынатын лексиканың көлемі белгіленеді. Лексикалық бірлікке сипаттама жасаудың ерекшеліктері анықталады.

Түсіндірмелі үйренім сөздігіне тілдік бірлік-терді сұрыптап алуға басшылыққа алынатын ұстанымдар төмендегідей:

1. Сұрыптаудың басты ұстанымы – статистикалық ұстаным (Ең алдымен тілдік бірліктің қолданым жиілігі ескеріледі).

2. Сөздің тіркесімдік қабілеті (Тіркесімге көп түсетін сөз тілүйретім тұрғысынан маңызды сөз. Сондықтан үйренім сөздігіне синтаксистік және лексикалық тіркесімдік әлеуеті мол сөз алынады).

3. Тілдік бірліктің сөзжасамдық мүмкіндіктері, яғни сөз түбірінің тарамдану қабілеті мол сөз. Бір сөзді білсең, біртекті сөздерді тану қиын емес.

4. Сөздің семантикалық құндылығы. Бұл ұстаным бойынша, үйренім сөздігіне көпмағыналы сөздер алынуы керек. Көпмағыналы сөздің барлық мағыналары да актив меңгерілуге жатпайтындықтан, ол сөздің негізгі, басты мағынасы алынады. Бұл ұстаным синонимдік қатардан синонимдерді таңдап алуға, антонимдерді тауып алуға, т.т. жағдай жасайды. Осы ұстаным арқылы интернационалдық лексиканы сұрыптау да жасалады.

5. Сөздің стильдік бейтараптылығы. Бұл ұстаным бойынша, ұлттық мектеп (жоғары, орта) оқушылары мен шетелдіктерге арналған сөздіктерге стильдік тұрғыдан бейтарап әдеби тіл сөздерін алуға (барлық стильде қолданыла беретін) жағдай жасайды.

6. Тақырыптық-жағдаяттық ұстаным. Бұл ұстаным лексикалық бірліктің тілдегі қолданым жиілігі төмен болса да, тілде сөйлесу үшін қажеттілігіне байланысты алынуына мүмкіндік береді.

7. Сөздің әдістемелік тұрғыдан оқыту мақсатына сәйкестігі. Бұл ұстаным үйренім сөздігін тілдің грамматикасымен, сөзжасамымен, фонетикасымен, орфографиясымен, әдебиетімен, жалпы тілүйретім процесін ұйымдастырумен координациялауға мүмкіндік береді.

Тілдік бірліктердің тілдегі қолданым жиілігі оқу сөздіктеріне сөз сұрыптаудың негізі ұстанымы болып табылады. Жиілік өлшемі тілдің өзінің белгілі бір заңдылықтарын, әсіресе, лексика қолданымдылығындағы заңдылықты анықтаумен және есепке алумен байланысты. Сондықтан ол оқу сөздігін құрастыру үшін объективті негіз бола алады. *Сөздің*

тіркесімдік қабілеті оның валенттілігіне байланысты. Сөз валенттілігі оның тіркесімділігі арқылы жүзеге асады. Сөздердің синтаксистік және лексикалық тіркесімділігін көрсету (*синтагматикалық байланыстарды көрсету*) сөз семантикасын ашудың маңызды құралы болып табылады. *Сөздердің синтаксистік және лексикалық тіркесімділігі* – үйренім сөздіктеріндегі негізгі мәселелерінің бірі. Сондықтан да, аталмыш сөздікке синтаксистік және лексикалық тіркесімділік құндылығы жоғары бірліктердің алынуы қажет.